



"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 қараша N 1416

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы

Осы Заң міндетті әлеуметтік сақтандырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Міндетті сақтандыру туралы заңдар

1. Міндетті сақтандыру туралы заңдар Қазақстан Республикасының К951000_ Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңның және міндетті сақтандыру туралы өзге де нормативтік құқықтық актілердің алдында басымдықта болады және халықаралық шарттарда оны қолдану үшін Қазақстан Республикасының заң шығаруын талап етпейтін

жағдайларда тікелей қолданылады.

2-бап. Осы Заңмен реттелетін қатынастар

Осы Заң, осы Заңда көзделген әлеуметтік сақтандыру түрлері бойынша әлеуметтік қатер жағдайының басталуына қарай, міндетті сақтандыру жүйесіне қатысушыларды әлеуметтік сақтандырудың қосымша нысандарын құрумен байланысты қатынастарды реттейді.

3-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандырудың түрлері

Міндетті әлеуметтік сақтандыру мынадай түрлерге бөлінеді:
еңбек ету қабілетінен айрылған жағдайда міндетті әлеуметтік сақтандыру;

асыраушысынан айрылған жағдайда міндетті әлеуметтік сақтандыру;
жұмысынан айрылған жағдайда міндетті әлеуметтік сақтандыру.

4-бап. Әлеуметтік төлемдерді алудың кепілі

Әлеуметтік төлем алушыларға әлеуметтік қатер басталғанда осы заңда белгіленген шарттар негізінде әлеуметтік сақтандыру түрлері бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау және алу құқығына кепілдік берілген.

5-бап. Осы заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен терминдер

Осы заңда мынадай ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:
қордың активтері - бұл әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік аударымдарды төлеуді кешіктіргені үшін алынған өсімақы, инвестициялық кіріс және Қордың қызметін қамтамасыз етуге арналған комиссиялық сыйақыны, әлеуметтік төлемдерге жұмсалатын қаражатты шегеріп тастағанда, заңдарда көзделген өзге де түсімдер мен қате есептелген немесе төленген қаражаттың қайтарымдары;

асыраушы - өздерінің асырауындағы отбасының еңбек етуге қабілетсіз мүшелерін өзінің табысы есебінен асырайтын ата-аналар, асырап алушылар;
кірісті ауыстыру коэффициенті - әлеуметтік аударымдарды есептеу кезінде негізге алынатын, әлеуметтік төлемнің кірістің мөлшеріне қатынасын анықтайтын коэффициент;

еңбекке жарамсыздық тобының коэффициенті - төлеуші Қорға сол үшін әлеуметтік аударымдар төлеген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесіне қарай белгіленетін коэффициент;

қатысу стажының коэффициенті - міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу стажына (күнтізбемен есептегендегі уақыттың жалпы шамасы) қарай белгіленетін коэффициент;

асырауындағылар санының коэффициенті - қайтыс болған асыраушының асырауындағы еңбек етуге қабілетсіз отбасы мүшелерінің санын ескеретін коэффициент.

әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі - жұмыс берушінің қызметкерге атқарған жұмысы, көрсеткен қызметі үшін кіріс түрінде төлейтін шығыстары. Өзін өзі жұмыспен қамтыған адамның әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін алынатын объектісі сол адамның алатын табыстары болып табылады.

міндетті әлеуметтік сақтандыру - еңбек ету қабілетінен және/немесе жұмысынан айрылуына, сондай-ақ асыраушысынан айрылуына байланысты кіріс бөлігін өтеу үшін мемлекет ұйымдастыратын, бақылайтын және кепілдік беретін шаралар жиынтығы;

әлеуметтік аударымдарды және әлеуметтік төлемдерді есепке алу жөніндегі ұйым (бұдан әрі - Ұйым) - аймақтарда міндетті әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдерді аударуды жүзеге асыратын, аударымдар мен төлемдердің дербестендірілген, орталықтандырылған есебін жүргізетін құрылымдық бөлімшелері бар мемлекеттік кәсіпорын;

әлеуметтік аударымдарды төлеуші (төлеуші) - осы Заңда белгіленген тәртіппен міндетті әлеуметтік аударымдарды есептеуді және Қорға аударуды жүзеге асырушы жұмыс беруші немесе өзін өзі жұмыспен қамтыған адам;

әлеуметтік төлемдерді алушы (алушы) - ол үшін Қорға әлеуметтік аударымдар төленген не өзі төлеген және әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган оған қатысты әлеуметтік төлем тағайындау туралы шешім шығарған тұлға, ал міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің ол үшін әлеуметтік аударымдар төленген қатысушысы болып табылатын адам қайтыс болған жағдайда - қайтыс болған асыраушының асырауында болған отбасы мүшелері;

қызметкер - жұмыс берушімен еңбек қатынасында немесе азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттық қатынаста тұратын тұлға;

жұмыс беруші - өз қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаларды қоса алғанда, заңды немесе жеке тұлға, сондай-ақ қызметкер еңбек қатынасында немесе табыс алуды көздейтін азаматтық-құқықтық шарттық қатынастарда тұратын шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері;

өзін өзі жұмыспен қамтыған адам - өзіне табыс әкелетін жұмыспен өзін қамтамасыз ететін жеке кәсіпкер, жеке меншік нотариус, адвокат;

міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі - мемлекет белгілейтін және кепілдік беретін, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар арасындағы қатынастарды реттейтін нормалар мен ережелердің жиынтығы;

әлеуметтік аударымдар - ол үшін аударым жасалған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға, ал асыраушысынан айрылған жағдайда оның асырауындағы отбасының мүшелеріне осы Заңға сәйкес әлеуметтік төлемдер алу құқығын беретін Қорға төленетін осы Заңмен белгіленген міндетті төлемдер;

әлеуметтік қатер - еңбек ету қабілетінен және/немесе жұмысынан айрылуына соқтыратын оқиғаның басталу қатері, соның нәтижесінде ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы, не ол қайтыс болған жағдайда оның асырауындағы отбасының мүшелері осы Заңға сәйкес әлеуметтік төлемдерді алу құқығына ие болады;

әлеуметтік аударымдар ставкасы - әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің шамасына проценттікпен қатынаспен көрсетілген, Қорға төленетін міндетті төлемдердің тіркелген мөлшері;

әлеуметтік төлемдер - Қор әлеуметтік төлем алушылардың пайдасына жүзеге асыратын ай сайынғы төлемдер;

еңбек ету қабілетінен айрылу - жұмысты орындау, қызмет көрсету қабілетінен айрылу. Еңбек ету қабілетінен айрылуды әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді. Еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесі еңбек ету қабілетінен айрылу деңгейіне проценттік қатынаста көрсетіледі;

міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар әлеуметтік аударымдарды төлеушілер; олар үшін әлеуметтік аударымдар төленетін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары; асыраушысынан айрылған жағдайда, олардың асырауындағыларды қоса алғанда, әлеуметтік төлем алушылар; Ұйым; Қор; Қазақстан Республикасының Үкіметі; Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі; өзге де уәкілетті органдар;

міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы - ол үшін Қорға әлеуметтік аударымдар төленетін, оған қатысты осы Заңда көзделген әлеуметтік қатер жағдайы туындауы мүмкін және өзінің әлеуметтік төлем алу құқығын пайдалана алатын тұлға;

әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және оның аумақтық бөлімшелері.

әлеуметтік сақтандыру қоры (Қор) - міндетті әлеуметтік аударымдарды жинайтын және әлеуметтік сақтандыру жүйесінің әлеуметтік қатер оқиғасы туындаған қатысушыларына, отбасының асырауындағы еңбек етуге қабілетсіз мүшелерін қоса алғанда, әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы - асыраушысынан айрылған жағдайда төлемдер жүргізетін заңды тұлға;

6-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандырудың

негізгі қағидаттары

Міндетті әлеуметтік сақтандырудың негізгі қағидаттары:

міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңдарды сақтау мен орындаудың жалпыға бірдейлігі;

әлеуметтік төлемдерді жүргізуді қамтамасыз ету үшін қолданылатын шараларға мемлекеттің кепілдік беруі;

әлеуметтік қорғаудың қосымша нысандарын дамытуға мемлекеттің кепілдік беруі;

міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысудың міндеттілігі;

осы Заңға сәйкес әлеуметтік аударымдарды әлеуметтік төлемдерге пайдалану;

әлеуметтік төлемдерді осы Заңда көзделген жағдайларда жүргізудің міндеттілігі;

әлеуметтік төлемдердің мөлшерін саралау;

міндетті әлеуметтік сақтандыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар қызметіндегі жариялылық болып табылады.

7-бап. Аударымдардың сақталуын қамтамасыз ету

Аударымдардың сақталуы:

1) Қордың қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілейтін тиісті нормалар мен лимиттерді белгілеу жолымен оның қызметін р е т т е у ;

2) инвестициялық қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы ж ү з е г е а с ы р у ;

3) Қор активтерін инвестициялық басқару жөніндегі операциялардың бәрін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есепке алу;

4) Қордың меншікті қаражаты мен активтерінің есебін бөлек жүргізу;

5) Қордың қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстарға шектеу енгізу;

6) Қордың жылдық қаржылық есептемесіне жыл сайын сыртқы аудиторлық тексеру жүргізудің міндеттілігі, оларды жүргізудің тәртібін Қазақстан Республикасының Ү к і м е т і б е л г і л е й д і ;

7) Қордың уәкілетті қаржы органы белгілейтін тәртіппен ұдайы қаржылық және с т а т и с т и к а л ы қ е с е п б е р у і ;

8) Қордың активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізілімін Қазақстан Республикасы Үкіметінің белгілеуі арқылы қамтамасыз етіледі.

8-бап. Әлеуметтік сақтандырылуға жататын адамдар

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және Қазақстан Республикасының аумағында табыс әкелетін қызметті жүзеге асыратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларды қоса алғанда, қызметкерлер, өзін өзі жұмыспен қамтыған адамдар міндетті түрде міндетті әлеуметтік сақтандырылуға ж а т а д ы .

9-бап. Әлеуметтік төлем алушылар мен олар үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілетін қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

1. Әлеуметтік төлем алушылар мен олар үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілетін қ а т ы с у ш ы л а р д ы ң :

1) осы Заңда көзделген әлеуметтік қатер жағдайлары туындағаннан кейін кез келген уақытта Ұйым және оның аумақтық бөлімшелері арқылы әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органға әлеуметтік төлемдер тағайындату және алу ү ш і н ө т і н і ш б е р у г е ;

2) осы Заңда көзделген әлеуметтік қатер жағдайлары туындаған кезде әлеуметтік төлемдерді у а қ ы т ы н д а тағайындатуға;

3) осы Заңда көзделген тәртіппен, мерзімде және мөлшерде Қордан ай сайын әлеуметтік төлемдер алып тұруға;

4) ай сайынғы әлеуметтік төлемдерді мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алуына қ а р а м а с т а н а л ы п тұруға;

5) өзіне әлеуметтік төлем тағайындауға қатысты шешім қабылдаудың барлық к е з е н д е р і н е қ а т ы с у ғ а ;

6) Қордың қызметі, сондай-ақ осы заңда көзделген әлеуметтік төлемдердің алушының атына жүргізілген мерзімдері мен мөлшерлері туралы ақпарат алуға;

7) төлеушіден, Қордан және Ұйымнан әлеуметтік аударымдардың толықтығы және аудару мен есептеудің уақытылылығы, сондай-ақ әлеуметтік төлемдердің жүргізілуі туралы ақпарат сұрауға және алуға;

8) әлеуметтік төлемдерді тағайындау мен жүргізудің тәртібіне және мерзімдеріне қатысты түсінік алу үшін әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органға, Ұйымға және оның аумақтық бөлімшелеріне баруға;

9) мемлекеттік органдардың әлеуметтік қамсыздандырудың осы Заңда көзделген қосымша нысандарын алу құқығына шек қоюына байланысты әрекеттеріне шағым ж а с а у ғ а ;

10) әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қабылдаған шешімдер туралы осы Заңда белгіленген тәртіппен хабардар етілуге;

11) әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органның, Ұйымның және оның аумақтық бөлімшелерінің, сондай-ақ Қордың лауазымды адамдарының әрекеттеріне заңдарда белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

12) әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органнан, Ұйымнан және оның аумақтық бөлімшелерінен, Қордан міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын заңдардағы өзгерістер туралы ақпарат сұратуға және алуға құқығы бар.

2. Әлеуметтік төлем алушылар:

1) әлеуметтік төлемдер тағайындауға қажетті құжаттарды белгіленген

тәртіппен ұсынуға;

2) еңбек ету қабілетінен және/немесе жұмысынан айрылған жағдайына байланысты әлеуметтік төлемдер алған жағдайда, Ұйымның аумақтық бөлімшелеріне өзі зейнетақы жарналарын төлеуге шарт жасасқан жинақтаушы зейнетақы қорының өзгергені туралы хабарлауға;

3) олардың тарапынан теріс пиғылды жағдайлар болған кезде, қате төленген сомаларды қайтарып алуға;

4) қайта куәландырудан өтуге және қайта куәландырудан өту мерзімін сақтауға міндетті.

10-бап. Әлеуметтік аударымдарды төлеушілердің құқықтары мен міндеттері

1. Әлеуметтік аударымдарды төлеушілер:

1) қате төленген әлеуметтік аударым сомаларын қайтартуға;

2) аударылған сомалар туралы қажетті ақпаратты заңдарда белгіленген тәртіппен Ұйымнан сұратуға және тегін алуға;

3) осы Заңға сәйкес басқа да құқықтарын іске асыруға құқылы.

2. Әлеуметтік аударымдарды төлеушілер:

1) әлеуметтік аударымдарды және әлеуметтік аударымдарды дер кезінде және/немесе толық төлемегені үшін өсімақыны уақытылы және толық көлемінде төлеуге;

2) Қорға төленетін әлеуметтік аударымдарды есептеу мен қайта есептеуді, сондай-ақ әлеуметтік аударымдарды уақытылы және/немесе толық көлемінде төлемегені үшін өсімақы есептеуді дербес жүзеге асыруға;

3) салық органына аударылған әлеуметтік аударымдар туралы есеп беруге;

4) осы Заңға сәйкес басқа да міндеттерді атқаруға міндетті.

11-бап. Қордың құқықтары мен міндеттері

1. Қордың:

1) міндетті әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды жүзеге асыруға;

2) активтерді басқаруға шарт жасасуға, сондай-ақ Қор қызметін жүзеге асыруға арналған ақша шегінде оның қызметінен туындайтын басқа да шарттарды жасасуға;

3) бағалы қағаздармен және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін басқа да қаржы құралдарымен байланысты қызметпен айналысуға;

4) акциялар шығаруға;

5) Қор қызметін жүзеге асырғаны үшін, мөлшерін жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін комиссиялық сыйақы алуға;

6) Ұйымнан Қорға түскен және Қордан аударылған қаржы қозғалысы туралы ақпарат алуға;

7) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушыларынан Қор қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпаратты сұратуға және алуға құқығы бар.

2. Қор:

1) Ұйымның әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыруы үшін, оның өтінімдері бойынша қаржының уақытылы аударылуын қамтамасыз етуге;

2) Қордың уақытша бос қаражатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы қаржы құралдарына орналастыруға;

3) жыл сайын сыртқы аудитті жүргізуді қамтамасыз етуге;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға міндетті.

3. Қордың осы Заңда көзделмеген қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

12-бап. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті органның құқықтары мен міндеттері

1. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті органның:

1) әлеуметтік төлемдерді тағайындау туралы не тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдауға;

2) еңбек ету қабілетінен айрылу деңгейін белгілеуге;

3) әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін ұсынылатын құжаттардың растығын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тексеруге;

4) әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін қажетті құжаттарды қабылдау мен жіберу жөніндегі талаптарды белгілеуге құқығы бар.

2. Әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган:

- 1) әлеуметтік төлемдерді тағайындатуға өтініш жасаған адамдардан әлеуметтік төлемдер тағайындау үшін қажетті құжаттарды ұсынуын талап етуге;
- 2) әлеуметтік төлемдер тағайындау туралы немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданғаны жөнінде Ұйымның аумақтық бөлімшелері арқылы жазбаша түрде х а б а р л а у ғ а ;
- 3) әлеуметтік төлемдердің уақытылы және толық тағайындалуын және олардың төленуін бақылауды қамтамасыз етуге;
- 4) әлеуметтік төлемдерді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешімдерді, сондай-ақ міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері жөніндегі жұмысқа қажетті басқа да ақпараттарды Ұйымның аумақтық бөлімшелеріне жеткізуді қ а м т а м а с ы з е т у г е ;
- 5) алушыға әлеуметтік төлем тағайындау жөнінде шешім қабылдаудың барлық кезеңіне оның қатысуына құқық беруге;
- 6) әлеуметтік төлемдерді тағайындау және төлеу мәселелері бойынша қажетті түсініктерді беруге міндетті.

13-бап. Ұйымның және оның аумақтық бөлімшелерінің құқықтары мен міндеттері

1. Ұйымның және оның аумақтық бөлімшелерінің:

- 1) құжаттар жиынтығын әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органға жіберу үшін оларды қабылдау мен тексеруді жүзеге асыруға;
- 2) әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органның шешімі негізінде алушыларға әлеуметтік төлемдер жүргізу үшін Ұйымның шотына ақша аудару туралы Қ о р ғ а с ұ р а у ж і б е р у г е ;
- 3) осы Заңда көзделген қызметтерді көрсеткені үшін республикалық бюджеттен белгіленген тәртіппен ақша алуға құқығы бар.

2. Ұйым мен оның аумақтық бөлімшелері:

- 1) әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдердің есебін жүзеге асыруға;
- 2) әлеуметтік төлемдер жүргізгенде әлеуметтік төлемдерден жүргізілген ұстап қалулар туралы әлеуметтік төлем алушыларды хабардар етуге;
- 3) артық төленген сомаларды Ұйым арқылы қайтару қажет болған жағдайда бұл туралы а л у ш ы ғ а х а б а р л а у ғ а ;
- 4) Қорға аударған әлеуметтік аударымдарының мөлшері мен мерзіміне қарамастан азаматтарға, шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға қызмет көрсетудің теңдей жағдайларын қамтамасыз етуге;
- 5) әлеуметтік аударымдарды банктік үш күн ішінде Қорға аударуға;
- 6) әлеуметтік жеке код (ӘЖК) негізінде әлеуметтік аударымдардың

дербестендірілген орталықтандырылған есебін жүргізуге;

7) әлеуметтік төлемдер тағайындау үшін құжаттарды жинақтауға және

оларды әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органға осы Заңда көзделген мерзімдерде жіберуге;

8) алушыларға әлеуметтік аударымдардың уақытылы аударылуын қамтамасыз етуге;

9) артық төленген әлеуметтік аударымдар сомаларын, осы қаржылардың Қордан Ұйымның шотына аударылған сәтінен бастап банктік үш күн ішінде төлеушілерге аударуды қамтамасыз етуге;

10) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделгендегіден басқа жағдайларда, әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдердің жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

11) сәйкес әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органға және Қорға қажетті есептемені осы Заңға ұсынуға;

12) әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүргізу мәселелері бойынша консультация беруге міндетті.

2-тарау. Әлеуметтік аударымдар

14-бап. Әлеуметтік аударымдардың мөлшері

1. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар үшін Қорға төлеуге жататын әлеуметтік аударымдар әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің 3 (үш) проценті мөлшерінде белгіленеді.

2. Арнаулы салық тәртібі қолданылатын, өзін өзі жұмыспен қамтыған адамдар үшін салық заңдарына сәйкес олар өздерінің пайдасына төлейтін әлеуметтік аударымдар Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленетін ең төменгі жалақының кемінде 3 проценті мөлшерінде белгіленеді.

15-бап. Әлеуметтік аударымдарды есептеу

1. Жұмыс берушінің қызметкерге кіріс түрінде төлейтін шығыстарын есептеу Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Заңының К010209_316-бабында көзделген тәртіппен, әскери қызметшілер мен ішкі істер органдары қызметкерлерінің ақшалай ұсталымын кіріс түрінде төленетін жұмыс берушінің шығыстарына қоса отырып

ж ү р г і з і л е д і .

2. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар үшін төленетін әлеуметтік аударымдарды есептеу осы Заңның 15-бабының 1-тармағында белгіленген әлеуметтік аударымдардың мөлшерін қолдану жолымен ай сайын жүргізіледі.

Өзін өзі жұмыспен қамтыған адамдар өздері үшін төлейтін әлеуметтік аударымдарды есептеу Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) тиісті арнаулы салық режимдері үшін көзделген мерзімдерде жүргізіледі.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін ең төмен жалақының он еселенген мөлшерінен аспайтын айлық табыс алынады.

3. Әлеуметтік аударымдарды есептеудің тәртібі мен мерзімін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

16-бап. Әлеуметтік аударымдарды төлеу

1. Төлеушілер Қорға әлеуметтік аударымдарды Ұйымның банктік шоты арқылы төлемдерді жүзеге асыру жолымен, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгедей көзделмесе, есепті айдан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей, әлеуметтік аударымдарды төлеушінің салық органында есепке тіркелген жері бойынша төлейді.

2. Әлеуметтік аударымдардың Ұйымның банктік шотына келіп түскен күні әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылған күн деп есептеледі.

3. Әлеуметтік аударымдарды төлеудің тәртібі мен мерзімін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

17-бап. Төлеушілердің жауапкершілігі

1. Уақытында аударылмаған әлеуметтік аударымдар сомаларын салық органдары өндіріп алады, немесе төлеуші оларға кешіктірілген әр күн үшін (Қорға төлеген күнді қоса) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы сомаларды төлеген күнге белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 1,5 еселенген мөлшерінде есептелген өсімақымен қоса Қордың шотына аударуы тиіс.

2. Салық органдары әлеуметтік аударымдар толық аударылмаған және (немесе) уақытында аударылмаған жағдайда төлеушілердің банктік шоттарынан қалыптасқан берешек шегінде қаржы өндіріп алуға құқылы. Бұл ретте, төлеуші инкассалық өкіммен салық органдары ұсынған берешектер пайдасына өндірілетін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі қатысушыларының тізімін қызмет көрсететін банкке беруге м і н д е т т і .

3. Банктер мен банктік операциялардың кейбір түрлерін жүзеге асырушы

басқа ұйымдар әлеуметтік аударымдар сомаларын осы сомалар төлеушілердің

банктік шоттарынан Қордың шотына есептен шығарылған күні аударуға міндетті.

18-бап. Жүргізілген аударымдар туралы хабарлау

Төлеушілер тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгедей көзделмесе, өздері тіркелген салық органына міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар үшін аударылған әлеуметтік аударымдар туралы есеп ұсынады.

19-бап. Артық төленген әлеуметтік аударымдарды қайтару

Қор төлеушінің артық төлеген әлеуметтік аударымдар сомасын оның Қорға берген өтініші бойынша, өтініш Қорға келіп түскен күннен бастап банктік он күн ішінде төлеушінің банктік шотына аударуы тиіс.

3-тарау. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау

20-бап. Әлеуметтік төлемдерді тағайындату үшін өтініш беру және әлеуметтік төлемдер тағайындау үшін құжаттарды қараудың мерзімі

1. Әлеуметтік төлемдерді тағайындату туралы өтініш азаматтың тұрғылықты жеріндегі Ұйымның аумақтық бөлімшелері арқылы әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті органға, әлеуметтік төлемдерді тағайындату құқығын анықтайтын құ ж а т т а р ы м е н қ о с а б е р і л е д і .

Әлеуметтік төлемдер тағайындауға қажетті құжаттардың тізбесін әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

2. Ұйымның аумақтық бөлімшелері әлеуметтік төлемдер тағайындауға қажетті құжаттарды қабылдап алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

3. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қажетті құжаттар келіп түскен күннен бастап оларды он жұмыс күні ішінде қарайды және әлеуметтік төлемдер тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы дәлелді шешім қабылдап, бұл туралы Ұйымның аумақтық бөлімшелері арқылы өтініш берушіге жазбаша түрде х а б а р л а й д ы .

4. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті орган ұсынылған құжаттардың дұрыстығына тексеру жүргізуге алады. Тексеру мақсатында ол

құжаттарды сұратуы, оларды сараптамаға жіберуі, оларды беруге негіз болған құжаттардың бар екендігін тексеруі мүмкін. Бұл ретте, әлеуметтік төлемдер алуға өтініш берген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы әлеуметтік төлем тағайындау туралы шешім қабылдаудың кешіктірілуі және шешімді қабылдау мерзімінің ұзартылуы туралы жазбаша түрде хабардар етілуге тиіс.

5. Өтініш қайтадан берілген кезде әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті орган өтініш қайта берілген сәттен бастап 5 күн ішінде тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды және бас тарту себептері мен шағымдану тәртібін көрсете отырып, ол туралы Ұйымның аумақтық бөлімшелері арқылы өтініш берушіні хабардар етеді.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті органның шешіміне сот тәртібімен шағым жасауға болады.

6. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы әлеуметтік төлемдерді алушы деп танылған жағдайда, әлеуметтік төлемдер осы адамның төлемдерді тағайындатуға өтініш берген күнінен бастап тағайындалады.

7. Ұйымның аумақтық бөлімшелеріне өтініш берілген күн Қордан төленетін әлеуметтік төлемдер тағайындатуға өтініш берген күн деп есептеледі.

8. Әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органның, Ұйымның және/немесе Қордың кінәсінен уақытылы немесе толық төленбеген әлеуметтік төлемдер сомасы өткен уақыт үшін мерзімі шектелмей төленеді және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпке сәйкес индекстелуге жатады.

21-бап. Еңбек ету қабілетінен айрылған жағдайда
әлеуметтік төлем тағайындау және оның мөлшері

1. Төлеуші ол үшін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне әлеуметтік аударымдар жүргізген қатысушысына еңбек ету қабілетінен айрылған жағдайда берілетін әлеуметтік төлем әлеуметтік төлем алуға өтініш берген уақытта жұмыстың тоқтатылғанына немесе жүріп жатқанына қарамастан тағайындалады.

2. Еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесін, сондай-ақ қайта куәландырудың қажеттігі мен кезеңділігін әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

3. Еңбек ету қабілетінен айрылған жағдайда әлеуметтік төлем тұлғаның әлеуметтік төлем тағайындатуға өтініш берген күнінен бастап, еңбек ету қабілетінен айрылу белгіленген кезеңнің бәріне тағайындалады.

Еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесі өзгерген жағдайда әлеуметтік төлем, еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесі өзгерген күннен бастап еңбек ету қабілетінен айрылудың жаңадан белгіленген дәрежесіне сәйкес мөлшерде жүзеге асырылады. Бұл ретте, әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті орган үш жұмыс күні

ішінде Ұйымды және оның аумақтық бөлімшелерін әлеуметтік төлемдердің мөлшері өзгергені туралы хабардар етеді.

Қайта қуәландырылушыны еңбек етуге қабілетті деп таныған жағдайда, әлеуметтік төлем әлеуметтік төлемді тағайындау жөніндегі уәкілетті орган оны еңбек етуге қабілетті деп шешім шығарған күннен бастап тоқтатылады. Бұл ретте уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде Ұйымды және оның аумақтық органдарын шығарылған шешім туралы хабардар етеді.

4. Еңбек ету қабілетінен айрылған жағдайда ай сайын берілетін әлеуметтік төлемдердің мөлшері әлеуметтік аударымдар объектісі ретінде ескерілген соңғы жиырма төрт ай ішіндегі орташа айлық табыстың төменгі жалақының сексен пайызын шегергендегі орташа мөлшерін тиісті кірісті алмастыру коэффициентіне, еңбек ету қабілетінен айрылу коэффициентіне сондай-ақ, қатысу стажының коэффициентіне көбейту жолымен анықталады.

Бұл ретте кірісті алмастыру коэффициенті 0,6 құрайды.

Еңбек ету қабілетінен айрылу коэффициенті мынаны құрайды: жалпы еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесі сексен пайыздан жүз пайызға дейін болатын еңбек ету қабілетінен айрылған адамдар - үшін 0,7; жалпы еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесі алпыстан сексен пайызға дейін болатын еңбек ету қабілетінен айрылған адамдар үшін - 0,5; жалпы еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесі отыздан алпыс пайызға дейін болатын еңбек ету қабілетінен айрылған адамдар үшін - 0,3 болады.

Қатысу стажы коэффициенті міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің, олар үшін әлеуметтік аударымдар алты айдан кем аударылған сақтандырылған қатысушысы үшін 0,1; алты айдан он екі айға дейін 0,7; он екі айдан жиырма төрт айға дейін 0,75; жиырма төрт айдан отыз алты айға дейін 0,85; отыз алты айдан қырық сегіз айға дейін 0,9; қырық сегіз айдан алпыс айға дейін 0,95 алпыс және одан жоғары айға - 1,00 құрайды.

5. Алушы жасына байланысты зейнетақы алу жасына жеткенде еңбек ету қабілетінен айрылған жағдай бойынша берілетін әлеуметтік төлемдер тоқтатылады.

22-бап. Асыраушысынан айрылған жағдайда әлеуметтік төлемдер тағайындау және оның мөлшері

1. Қайтыс болған (хабарсыз кеткен және өлді деп жарияланған) асыраушы - міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің, әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысының асырауында болған отбасының мына мүшелерінің асыраушысынан айрылу жағдайына әлеуметтік төлемдер тағайындатуға және алуға құқығы бар:

1) 18 жасқа толмаған және, егер олар 18 жасқа толғанға дейін мүгедек болып қалса, осы жастан асқан балалары, оның ішінде асырап алған балалары, інілері, қарындастары мен немерелері. Бұл ретте, інілерінің, қарындастары мен немерелерінің еңбек етуге қабілетті ата-аналары болмаған, немесе олар ата-аналарынан алимент алмаған жағдайда

асыраушысынан айрылған жағдайда әлеуметтік төлемдер тағайындатуға және алуға құқығы бар.

Егер осы тармақшада көрсетілген адамдар орта білім жүйесінің оқу орындарында, жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесінің күндізгі бөлімінде оқитын болса, әлеуметтік төлем орта білім жүйесіндегі оқу орнын бітіргенге дейін, жоғары және арнаулы орта білім жүйесінің күндізгі бөлімін бітіргенге дейін төленеді;

2) ата-анасының біреуі немесе жұбайы, немесе атасы, әжесі, ағасы немесе апасы жасына және еңбекке қабілеттілігіне қарамастан, егер ол қайтыс болған асыраушының 1,5 жасқа толмаған балаларын, бауырларын немесе немерелерін күтумен айналысатын болса.

2. Олар үшін міндетті әлеуметтік аударымдар төленген ата-анасы - міндетті сақтандыру жүйесіне қатысушының қамқорынсыз қалған балаларға тағайындалған әлеуметтік төлемдер Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес әрбір айрылып қалған ата-анасы үшін асырап алушыға, оның заңды өкіліне (қамқоршысына) төленеді.

3. Бала жастан I және II топтағы мүгедек деп танылған адамдарға әлеуметтік төлемдер мүгедектік белгіленген мерзімге тағайындалады.

4. Қайтыс болған асыраушының асырауында болған, отбасының асыраушысынан айрылған жағдайда әлеуметтік төлем тағайындатуға және алуға құқығы бар барлық мүшелеріне бір әлеуметтік төлем тағайындалады.

5. Қайтыс болған асыраушының асырауында болған отбасы мүшесінің жазбаша өтініші бойынша оның әлеуметтік төлем үлесі бөлінеді және оған бөлек төленеді.

Әлеуметтік төлем үлесін бөлу әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органға өтініш берген күннен бастап жүргізіледі.

6. Қайтыс болған асыраушының асырауында болған отбасы мүшелері санының өзгергені туралы және тиісінше әлеуметтік төлемдерді қайта есептеу туралы шешімді әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қайтыс болған асыраушының асырауында болған отбасы мүшесінің жазбаша өтініші негізінде жүргізеді. Бұл ретте, әлеуметтік төлемнің мөлшері отбасының әлеуметтік төлем алуға құқығы бар мүшелерінің санына қарай тиісінше көбейеді немесе азаяды.

7. Асыраушысынан айрылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер мөлшері әлеуметтік аударымдар объектісі ретінде ескерілген соңғы жиырма төрт ай ішіндегі табыстың орташа айлық мөлшерінен ең төменгі жалақының сексен проценті шегерілген соманы тиісті кірісті алмастыру коэффициентіне, асырауындағылардың саны коэффициентіне сондай-ақ, қатысу стажының коэффициентіне көбейту жолымен анықталады.

Бұл ретте, асыраушысынан айрылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер қайтыс болған асыраушының асырауында болған отбасының мүшелеріне қайтыс болған асыраушының асырауында болған отбасы мүшелерінің әлеуметтік төлем алу құқығы осы бапқа сәйкес сақталатын кезең бойына ай сайын төленеді.

8. Асырауындағылар санының коэффициенті міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы қайтыс болғанға дейін асырауында болған адамдар санына байланысты белгіленеді және асырауында бір адам болса - 0,3, асырауында екі адам болса - 0,5, асырауында үш адам болса - 0,7, асырауында төрт адам болса - 0,8, асырауында бес және одан да көп болғанда 0,8 құрайды.

Бұл ретте кірісті алмастыру коэффициенті мен қатысу стажының коэффициенті осы Заңның 21-бабына сәйкес есептеледі.

23-бап. Жұмысынан айрылған жағдайда әлеуметтік төлемдер тағайындау және оның мөлшері

1. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің, олар үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысына жұмысынан айрылған жағдайда берілетін әлеуметтік төлем жұмысынан айрылған жағдайда тағайындалады.

2. Жұмысынан айрылған жағдайда берілетін әлеуметтік төлемдер әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік төлемдер тағайындау туралы шешім шығарған күннен кейінгі келесі күнтізбелік айдың бірінен бастап Ұйымның аумақтық бөлімшелері арқылы төлене бастайды.

Міндетті сақтандыру жүйесіне қатысушы Ұйымның аумақтық бөлімшелеріне өтініш жасардың алдында жұмыссыз ретінде тіркелуі тиіс.

3. Жұмысынан айрылған жағдайда әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік төлемдер объектісі ретінде ескерілген соңғы жиырма төрт ай ішіндегі табыстың орташа айлық мөлшерін тиісінше кірісті алмастыру коэффициентіне және қатысу стажының коэффициентіне көбейту жолымен анықталады.

Бұл орайда кірісті алмастыру коэффициенті - 0,3 құрайды, ал қатысу стажының коэффициенті осы Заңның 21-бабына сәйкес есептеледі.

4. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы үшін күнтізбелік есептеумен алғанда алты айдан он екі айға дейін аударым жүргізілген жағдайда, оның жұмысынан айрылған жағдайда кемінде күнтізбелік бір ай әлеуметтік төлем алуға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы үшін күнтізбелік есептеумен алғанда он екі айдан жиырма төрт айға дейін аударым жүргізілген жағдайда, мұндай қатысушының жұмысынан айрылуы бойынша күнтізбелік екі ай бойы әлеуметтік төлем алуға құқығы бар.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы үшін күнтізбелік есептеумен алғанда жиырма төрт айдан отыз алты айға дейін аударым жүргізілген жағдайда, мұндай қатысушы жұмысынан айрылған жағдайда күнтізбелік үш ай бойы әлеуметтік төлем алуға құқығы бар.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы үшін күнтізбелік

есептеумен алғанда отыз алты айдан жоғары аударым жүргізілген жағдайда, мұндай қатысушының жұмысынан айрылуы бойынша күнтізбелік төрт ай бойы әлеуметтік төлем алуға құқығы бар.

5. Егер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы жұмысынан айрылған жағдайда әлеуметтік төлемдер ала бастаса, бірақ жұмысқа орналасқанына байланысты жұмысынан айрылуы бойынша әлеуметтік төлемдер алу мерзімін үзіп алған болса, онда кезекті әлеуметтік төлемдер әрбір ай үшін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы Қорға әлеуметтік аударымдар жүргізуге тиісті он екі ай шегеріліп тағайындалады.

24-бап. Әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру

Қордан берілетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттырудың тәртібі мен тетігін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4-тарау. Әлеуметтік төлемдер және олардан ұстап қалулар

25-бап. Қордан берілетін әлеуметтік төлемдер

Ұйым өткен ай үшін әлеуметтік төлемдерді Қордан Ұйымның шотына қаражат есептелген күннен бастап банктік үш күннің ішінде алушылардың жеке шотына есептеу арқылы жүргізеді.

26-бап. Әлеуметтік төлемдерден ұстап қалулар

Еңбек ету қабілетінен айрылған жағдайда және/немесе жұмысынан айрылған жағдайда әлеуметтік төлемдерден міндетті зейнетақы жарналары ұсталады және ол Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес алушының жинақтаушы зейнетақы қорына жіберіледі.

Бұл ретте, еңбек ету қабілетінен және/немесе жұмысынан айрылу жағдайына әлеуметтік төлем алушылар уәкілетті орган оларға әлеуметтік төлем тағайындалғаны туралы шешім шығарғаннан кейін Ұйымның аумақтық бөлімшесіне, олар үшін міндетті зейнетақы жарналары төленетін жинақтаушы зейнетақы қорымен жасасқан зейнетақы шартының көшірмесін ұсынуы тиіс.

5-тарау. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры

27-бап. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры

1. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" деп аталатын Қор мемлекет жүз процент қатысатын акционерлік қоғам түріндегі коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Жарғылық қорының мөлшері он мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қалыптастырылады.

2. Қордың қызметін басқару міндеттерін жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті органның міндеттерін қаржы саласындағы орталық атқарушы орган жүзеге асырады.

28-бап. Қордың инвестициялық қызметі

1. Қор инвестициялық қызметті Қор мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында жасалатын Шарт негізінде Қордың активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы қаржы құралдарына орналастыру жолымен жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қордың активтерін шоғырландыру, оларды орналастыру, инвестициялық кіріс алу жөніндегі барлық операциялардың есебін жүргізеді және Қор мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі арасындағы шартқа сәйкес Қор шоттарының және Қор активтерімен инвестициялық қызметтің жай-күйі туралы тоқсан сайын Қорға есептеме ұсынып отырады.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қор мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі арасындағы шартта көзделген негіздерде инвестициялық қызметінен алынатын табыс есебінен сыйақы алады.

29-бап. Қор активтерінің құрылуы

1. Қордың активтері:

1) әлеуметтік аударымдардан, әлеуметтік аударымдар мерзімін өткізіп алғаны үшін алынған өсімақыдан және Қордың қызметін қамтамасыз етуден алынатын комиссиялық сыйақылар шегерілген инвестициялық кірістен;

2) заңдарда көзделген өзге де көздер есебінен қалыптасады.

2. Қордың активтері тек мынадай мақсаттарға ғана:

1) осы Заңға сәйкес әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыруға;

2) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін қаржы құралдарына орналастыруға;

3) қате төленген әлеуметтік аударым сомалары мен өзге де қате есептелген қаражатты қайтарып алуға пайдаланылады.

30-бап. Қордың қызметін жүзеге асыру

Қор өз қызметін Қордың активтерін алатын комиссиялық сыйақы есебінен жүзеге асырады.

Проценттік мөлшерлеменің шекті шамасын және оны пайдаланудың тетігін жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қордың меншікті қаражаты Қордың жарғылық қорынан және комиссиялық сыйақыдан қалыптастырылады және солардан тұрады.

31-бап. Қорда есеп жүргізу

1. Қор бухгалтерлік есеп жүргізеді және қаржылық есеп беруді өзінің меншік қаражаты мен Қордың активтері бойынша Қазақстан Республикасының заңдары белгіленген тәртіппен бөлек ұсынады.

2. Қор бухгалтерлік есеп жүргізу және есеп беру құжаттарын жасау кезінде пайдаланылатын құжаттардың есебі мен сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Сақталуға жататын негізгі құжаттардың тізбесін және олардың сақталу мерзімін уәкілетті қаржы органы белгілейді.

6-тарау. Қорытынды ережелер

32-бап. Қордың жауапкершілігі және дауларды шешудің тәртібі

1. Қор әлеуметтік төлем алушылар алдындағы міндеттемелері бойынша өзінің барлық мүлкімен жауапты болады.

2. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары Қордың міндеттемелері бойынша жауап бермейтін сияқты, Қор да міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3. Қор, Ұйым, мемлекеттік органдар, заңды және жеке тұлғалар арасында

осы Заңды орындау жөнінде туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

33-бап. Осы Заңды күшіне енгізудің тәртібі

1. Осы Заң еңбек ету қабілетінен айрылған жағдайда міндетті әлеуметтік сақтандыруға және асыраушысынан айрылған жағдайда міндетті әлеуметтік сақтандыруға қатысты 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

2. Жұмысынан айрылған жағдайда міндетті әлеуметтік сақтандыру 2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Жұманазарова А.Б.